

Бекітемін:  
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Д.Хамзина

*М.Д.Хамзина*

### Қысқа мерзімді жоспар

Бөлім	7.2В Статистика элементтері				
Педагогтың аты-жөні	Итжанова Айман Алпановна				
Күні	13.12.2023				
Сынып: 7Ө	Қатысқандар саны: 15		Қатыспағандар саны: 4		
Сабақтың тақырыбы	Абсолютті жиілік және салыстырмалы жиілік. Жиілік кестесі.				
Оқу бағдарлама сына сәйкес оқу мақсаттары	7.4.4.2 нұскалықтың абсолютті және салыстырмалы жиіліктерін есептеу; 7.4.4.3 статистикалық деректерді жинау және оны кесте түрінде көрсету; 7.4.4.4 таңдаманы жиілік кестесі түрінде көрсету; 7.4.4.5 кестедегі деректердің дұрыстығын тексеру;				
Сабақтың мақсаты	Барлығы: үлгі бойынша іріктеу нәтижелерін кесте түрінде ұсыну; кестедегі деректердің дұрыстығын тексеру; Көпшілігі: кестедегі ақпаратты талдай білу; Кейбіреуі: кестедегі ақпарат бойынша қорытынды жасай білу;				
Сабақтың барысы					
Уақыты	Кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
2 мин	Сабақтың басы	Оқушылармен амандасып, олардың сабаққа әзірлігін тексереді, сәттілік тілейді. Оқушылармен бірге сабақтың мақсатын және күтілетін нәтижені анықтайды.	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың мақсатын анықтайды	Мұғалімнің түсініктемесі	1-2 слайдтары
10 мин	Сабақтың ортасы	Қатені анықтауға арналған жұмысты ұйымдастырады.  <u>Тапсырма мақсаты:</u> өткен сабақта өтілген тақырыпты қайталау	Жұппен жұмыс істеп, қателерді табады.	Түсіну деңгейін тексеру үшін өзін-өзі тексеру парақтары арқылы қателерді талдауын бақылайды. Бұл әрекет түрі бойынша оқушыларға бірден жеке кері байланыс беріледі.	3-4 слайдтар Білім беру қызметіне сілтеме «Learnis» <a href="https://www.learnis.ru/359520/">https://www.learnis.ru/359520/</a>
5 мин		Топтық жұмысты ұйымдастырады. құндылықтарды дарыту: топта жұмыс істей білу, басқалардың пікірін тыңдау, өзара сыйластық, өзара көмек, үздіксіз білім алу, жағдайды	Дайындалған карточкалар арқылы топта өздері қойған жағдаятты шешіп, тапсырманы орындайды.	Тапсырманы жазбаша орындау принципі бойынша өзара бағаланады	1-қосымша Слайд 5

		<i>талдай білу, жаңа жағдайларға бейімделу, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту.</i>			
5 мин		Топ ішінде орындалған тапсырмаларды өзара түсіндіруді ұйымдастырады. <u>Тапсырманың мақсаты</u> <i>мынадай құндылықтарды сіңіру: топта жұмыс істеу, сыныптастарының пікірін тыңдау, өзара сыйластық, өзара көмек көрсету дағдыларын дамыту.</i>	Бір-біріне топ ішінде тапсырманың шешімін түсіндіреді	Топ модераторы қатысушыларды келесі дескрипторлар арқылы бағалайды: Конспекті бар – 1б; Тапсырманы орындау барысын негіздеді – 1б; Кесте деректерінің сәйкестігін тексерді – 1б; Алынған ақпарат негізінде қорытынды жасады – 2б	1-қосымша
10 мин		Топ спикері тактаның алдында өзінің тобының шешімін түсіндіріп, қорытынды жасайды	Топ мүшелері бір-бірін критерийлер арқылы бағалайды	Бағалау критерийлері: жұмыстарды әзірлеу -2б; шығару барысын негіздеу -2б; қорытындыланды -1б.	Слайд 6
10 мин		ЖТ	Тапсырмаларды өз бетінше орындау	Мұғалім бағалайды	ҚБ Слайд 7
3 мин	Сабақтың соңы	Үй тапсырмасы №29.3	Үй тапсырмасын күнделікке жазады		Оқулық А-7
		Сауалнама жүргізеді	Сабақ соңында оқушылар рефлексия жасайды		Слайд 8

№1. Төмендегі кестені пайдаланып, сыныптастарыңыздың туған айлары туралы мәліметтерді жинаңыз (сынып журналындағы деректерді пайдалануға болады).

Ай	Абсолютті жиілік	Салыстырмалы жиілік
Қаңтар		
Ақпан		
Наурыз		
Сәуір		
Мамыр		
Маусым		
Шілде		
Тамыз		
Қыркүйек		
Қазан		
Қараша		
Желтоқсан		

№ 2. Кесте деректерінің жас топтары бойынша сәйкестігін тексеріңіз:

Жасы/дәрежесі	Пародонтиттің күрделілік дәрежесі		
	Жеңіл	Орташа	Күрделі
10-20	17,4	35,6	53,8
20-30	16,5	30,2	52,3
30-40	16,9	34,1	39,7
40-50	15,8	27,9	58,6
50-60	17,6	28,6	48,6
60-70	18,1	25,4	50,5
70-80	15,4	27,8	43,8
80-90	8,8	31,9	59,3

№3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранындағы қазақ әліпбиінің әріптерінің жиілігін анықтаңыз.



**Бөлім: «Статистика элементтері»**

**Оқу мақсаты** 7.3.3.4 таңдаманы жиілік кестесі түрінде көрсету  
7.3.3.5 кестедегі деректердің дұрыстығын тексеру

**Бағалау критерийі** *Білім алушы*

- Берілген деректер бойынша жиіліктер кестесін құрады
- Кестедегі деректерді қайшылықсыздыққа тексереді

**Ойлау дағдыларының деңгейі** Қолдану

**1-тапсырма**

Кестеде 24 оқушының бойларының ұзындықтары көрсетілген:

148	154	152	153	150	148
149	152	148	153	150	148
148	150	149	148	151	150
150	150	152	148	151	149

Мәліметтерді реттелген қатар түрінде орналастырып,

- 1) абсолютті жиілік кестесін құрыңыз;
- 2) салыстырмалы жиілік кестелерін құрыңыз;
- 3) кестедегі деректерді қайшылықсыздыққа тексеріңіз.

**Дескриптор**

*Білім алушы*

- таңдаманы реттелген қатар түрінде жазады;
- таңдаманы абсолютті жиілік кестесі түрінде көрсетеді;
- таңдаманы салыстырмалы жиілік кестесі түрінде көрсетеді;
- кестедегі деректерді қайшылықсыздыққа тексереді.

**2-тапсырма**

Жұптасып орындалатын тапсырма.

7 сынып оқушылары ең жиі кездесетін үй жануарын анықтағысы келді. Олар бір топ адамдардан сауалнама алды. Сауалнама нәтижесі төменде көрсетілген.

R = қоян, D = ит, F = балық, C = мысық, G = тышқан

G D R G C R R G C F  
D G F R D C D C G F  
G R D C G R G C F R

Үй жануарлары	Абсолютті жиілік
Қоян	
Ит	
Балық	
Мысық	
Тышқан	

Сауалнамаға қанша адам қатысқан? \_\_\_\_\_

Қандай үй жануары жиі кездеседі? \_\_\_\_\_

Балық асырайтын адамдар санының салыстырмалы жиілігін табыңыз \_\_\_\_\_

**Дескриптор**

*Білім алушы*

- жиілікті есептейді;
- сауалнамаға қатысқан адамдар санын анықтайды;
- жиі кездесетін үй жануарын атайды;
- салыстырмалы жиілікті табады.